КОПИЯ/КӨШІРМЕ

# ШЕШІМ
# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫМЕН

2024 жылғы 12 ақпан № 5501-24-00-2/95 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Алишева Ж.О., оңайлатылған іс жүргізі тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының «№4 арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
Жеке кәсіпкер «Г.А. Дайрабаев»

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

**ҚАРАР БӨЛІМІ:**

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының «№4 арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкерге «Г.А. Дайрабаев» мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Г.А. Дайрабаев» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкерден «Г.А. Дайрабаев» мемлекеттік кірісіне 96 960 (тоқсан алты мың тоғыз жүз алпыс) тенге мөлшерінде тұрақсызыдық айыбы мен 2 908 (екі мың тоғыз жуз сегіз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндіріп алынсын, барлығы 99 868 (тоқсаң тоғыз мың сегіз жүз алпыс сегіз) теңге.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жеке кәсіпкер «Г.А. Дайрабаев» мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

**Судья** **Ж.О.Алишева**

Құжатқа қол қойылған: Алишева Ж. О., 12.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.03.2024, судья Магзумов Е. Т., 26.03.2024

5501-24-3-1/45